

**ШЖҚ «Қалалық перзентхана» МКК-ның
жиналыс хаттамасы №10**

Шымкент қаласы

«13» мамыр 2024 жыл

Бас дәрігер у.м.а.: П.Амирова

Комплаенс-офицер: Ә.Е. Зұлпықаров

Қатысқандар: ШЖҚ «Қалалық перзентхана» МКК-ның қызметкерлері

Күн тәртібінде

«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижесін талқылау»

Тындалды:

Комплаенс-офицер Ә. Ержанұлы:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18-қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес және Қалалық перзентхана Бас дәрігерінің у.м.а. сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 11.04.2024 жылғы №94-н/қ бұйрығына сәйкес мекеме қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Ішкі талдау жүргізу мерзімі 18.04.2024-17.05.2024 жыл аралығы. Ішкі талдау қамтылған кезең 01.06.2023 – 31.03.2024 жыл аралығы. Ішкі талдаудың бағыттары: Ұйым қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, Ұйымның ұйымдастыру-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

Талдау барысында кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін Жарғы мен ішкі нормативтік құжаттар зерттелді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен ережелер талдау нәтижелері бойынша анықталған жоқ.


Мемлекеттік сатып алу бойынша рәсімнің барлық әдістері (конкурстық құжаттама, мемлекеттік сатып алуды іске асыру туралы жарнама, қатысуға

өтінімдерді ашу, мемлекеттік сатып алу нәтижелері туралы хаттамалар) Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік сатып алу веб-порталында ашық жүргізіледі. Тұтастай алғанда, сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемі олардың нақты қажеттілігіне сәйкес келеді. Тауар бірлігі бағасының негізсіз болу және тауарлардың жоспарланған құнының нарықтық құнына сәйкес келмеу фактілері анықталған жоқ. Талдау барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР қолданыстағы Заңын бұзу және Мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу кезінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Ішкі талдау барысында Перзентханада мемлекеттік сатып алу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ішкі талдау қамтылған кезеңде перзентхананың Е-otinish платформасында 12 өтініш тіркелген. Сондай-ақ, Қалалық перзентханаға келіп түскен өтініштерге жауаптарды талдай отырып, жұмыс тобы барлық өтініштерге тиісті жауаптар бар екенін анықтады. Жұмыс тобы ұсынылған жауаптарды зерттеді. Келіп түскен өтініштер мен шағымдарды қарау бойынша жұмыс әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне нақты сәйкес жүргізілгені анықталды. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық бойынша шағымдар түспеген. Жұмыс тобы әлеуметтік желілер мен интернет желісіне мониторинг жүргізу барсында сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

Бас дәрігер у.м.а.:

Комплаенс-офицер:



П.Т.Амирова

Ә.Е. Зұлпықаров